

6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ахметжанова Айжан Еркінгазыевнаның «Қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын алдын алу, емдеу және етінің сапасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс «Семей сынақ полигоны аймағында және оған іргелес аумақтарда өсірілетін ауылшаруашылық мал өнімдерінің қауіпсіздігі мен ветеринариялық-санитариялық бағалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу» республикалық бағдарлама (мемлекеттік тіркеу нөмірі 0112РК00840) аясында университеттің ғылыми кеңесінде бастамалық жоба ретінде бекітіліп, орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады деп санаймыз, себебі диссертацияда бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны (ССЯП) радиациялық қауіпті аймақтарында қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясының түр құрамы мен эпизоотологиясын анықтау және жаңа емдеу қоспасын сынау бойынша зерттеулер ветеринария дәрігерлеріне емдеу-профилактикалық іс-шараларды сауатты жүргізуге мүмкіндік береді. Ветеринариялық тәжірибеде қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын емдеудің төрт жаңа тиімді композициялары ұсынылды. Алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері негізінде «Қойлардың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын емдеу және алдын-алу

			бойынша жаңа азықтық қоспаны қолдану» ұсыныстары әзірленді және тәжірибеге қолдануға ұсынылды. Сын беріліп отырған жұмыста қойылған мақсат-міндеттердің маңыздылығы ашылған деп санаймыз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияда өзі жазу принципі сақталған, және оның деңгейі орташа деп бағалаймыз, жұмыстың қорытындылары тек өзіндік зерттеулерге негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Шығыс Қазақстан облысының қойдың аралас инвазиясының таралуын зерттеу – қазіргі заманғы ветеринарияның өзекті мәселесінің бірі деп есептелуде. Мұнда қойдың асқорыту жүйесінде бір мезгілде түрлі таксондарына жататын гельминттер туыстары мен эймерийлер қосарланып тіршілік етеді де күрделі патологиялық үрдістер туындатады және зақымдау деңгейін жоғарылатады. Осының салдарынан қой өнімдерінің сапасы төмендеп, көрсеткіштері қабылданған стандарттарға сай келмейді. Ал бұрынғы ССЯП аумағында малдың ішек паразитоценоздарының эпидемиологиялық ерекшеліктерін зерттеу, қарсы күрес жолдарын іздестіру және мал өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сапасын анықтау ветеринария ғылымының өзекті мәселесі болып табылады. Диссертацияда осы жағдай элементі және отандық әртүрлі ғылыми және статистикалық мәліметтерді кеңінен талдау арқылы дәлелденіп, зерттеу тақырыбының өзектілігі нақты негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Қолжазба мазмұны диссертациялық жұмыстардың стандартты шаблонуна сәйкес құрастырылған, ал зерттеу нәтижелері бөлімі міндеттерге сәйкес алынған ізденістер нәтижелерін сипаттайтын 6 тараушалардан тұрады және олар тақырыпты толығымен айқындайды деп бағалаймыз.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – Шығыс Қазақстан облысы (Абай облысы) бұрынғы Семей полигоны радиациялық қауіпті аймақтарында орналасқан қой шаруашылықтарында стронгиллятозды-эймериозды инвазиясының эпизоотологиясын зерттей отырып, емдеу мен аурудың алдын-алудың тиімді әдістерін

			іздістіру және аралас паразиттермен зақымданған қой етінің сапасын анықтау. Осыған сәйкес бес міндеттер қойылған және олар қолжазба тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияда зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы логикалық тұрғыдан байланыстырылып, ұйымдастырылған: алдымен ССЯП аумағындағы шаруашылықтардың радиофоны анықталған; содан кейін олардың радиациялану деңгейіне сәйкес қой паразитоценоздары құрамындағы қоздырғыштарының популяциялық динамикасы зерттелінген, сонымен қатар, нематодалы-эймериялық ассоциативті аурумен залалданған жануарлардың сойыс өнімдері комплексті қазіргі заманға сай ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өткізілген; мұнан соң паразитоценоздарға қары қолданылатын жаңа дәрілік және азықтық-дәрілік қоспалар ұсынылған және олардың паразиттерге қарсы тиімділігі есептелген. Жалпы диссертация біртұтас логикалық еңбек ретінде көзқарас қалыптастырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қолжазбаның нәтижелік және талдау бөлімдерінде автор өзіндік зерттеулер арқасында алынған нәтижелеріне сыни талдау жасаған және бұрынғы белгілі шешімдермен салыстырған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Біздің ойымызша, автор ұсынған нәтижелер мен қағидаттарды жартылай жаңа деп бағалауға болады, себебі, 3.5 тараушада тәжірибелік сынақтан өткізілген дәрілік қоспалар мен тұзды брикеттер композицияларының барлығында әсер етуші заттар ретінде алынған антгельминтиктер дайын дәрілік препараттар болып табылады, және олардың тиімділігі – белгілі тәжірибелік факт. Сонымен қатар, фенасал (никлозамид) коммерциялық түрде аз мөлшерде өндіріледі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертациядағы эпидемиологиялық ақпараттар және ассоциативті аурулардың сойыс өнімдеріне әсері әдебиеттегі бұрынғы

		<p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>ақпараттарға сәйкес болғандықтан, қолжазба қорытындыларын жартылай жаңа деп бағалаймыз.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және <u>негізделген</u> бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда сипатталған технологиялық шешімдер негізделген, ал жоғарыдағы 5.1 және 5.2 пунктеріне сәйкес оларды жартылай жаңа деп санаймыз.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында Шығыс-Қазақстан облысындағы бұрынғы ССЯП аумағының төрт ауданы, төрт ауылдық округы мен қожалықтарының табиғи тіршілік ортасында радиологиялық зерттеулер жасалынған, аталмыш округтар мен Семей қаласы қожалықтарындағы 1500 қойдың нәжіс сынамалары жас және мерзімдік ерекшеліктеріне қолданыстағы дәстүрлі паразитологиялық әдістемелерімен тексерілген. 15 қойдың ішек-қарын тракты Скрябин бойынша толық гельминтологиялық сойып-жару тәсілімен зерттеліп, ал залалданған жануарлар өнімдері ветеринариялық-санитариялық тексерулерден өткізілген, стронгилятозды-эймериялы паразитозценоздарымен залалданған қойлардың жеткілікті санына терапиялық эксперименттер қойылған. Бұл қорытындылардың ауқымды тәжірибелік нәтижелерге негізделгенін дәлелдейді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>Диссертацияның басты қағидаты – радиациялық фонның ішек нематодалық-эймериялық ассоциативті ауруына шалдыққан қойдың сойыс өнімдеріне әсер етуі ауқымды нәтижелер арқылы дәлелденді деп есептейміз. Негізге алынған қағидат тривиалды емес және жаңа деп бағалауға болады, себебі осы көзқарас арқылы және үш ветеринариялық ғылымдары (радиобиология, паразитология және ветеринариялық санитариялық сараптау) қиылысындағы талдау</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>арқылы қой ішек паразитоценоздары осы диссертацияға дейін қарастырылған емес.</p> <p>Ғылыми жұмыс нәтижелерінің қолдану деңгейін орташа деп санаймыз, өйткені автордың тәжірибелік пайдалануға ұсынған дәрілік-азықтық қоспаларының құрамындағы кейбір дәрілік заттар (фенасал) өндірістік шығарылымы қазіргі кезде төмен деңгейде.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаттары автордың 10 ғылыми еңбегтерінде дәлелденген, соның ішінде біреуі – Web of Science және Scopus базаларына кіретін журналында; үшеуі – ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі басылымдарда және бесеуі – басқа басылымдарда жарияланған және үш пайдалы модель патенттері және ұсыныстар түрінде жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар</p>	<p>Диссертация орындау барысында паразитология, радиология және ветеринарлық-санитариялық сараптау салаларында қолданылатын заманауи зерттеу әдістемелері негізделіп таңдалынған және қолжазбаның сәйкес бөлігінде нақты сипатталған. Осы зерттеулердің өндіріске және оқу бағдарламасына ендірілу туралы екі актілердің көшірмелері қолжазба қосымшалары ретінде келтірілген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде алынған ақпаратты статистикалық өңдеу үшін автор MS Excel 2010 (Microsoft) бағдарламасын пайдаланған, Бұл жұмыс орындалу барысында деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін қазіргі заманғы әдістемелер қолдануын дәлелдейді.</p> <p>Автор мәліметтерді жинақтау үшін мөлшері жеткілікті жылқы еті сынамаларын зерттеген және қазіргі талаптарға сай құрылғылар, атап айтқанда, «ATOMTEX» МКС-АТ6130 дозиметрін, DSA-1000 (CANBERRA) гамма – спектрометрін пайдаланды. Тірі жануарларда жүргізілген эксперименттер де қойылатын этикалық</p>

		<p>бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>және ғылыми талаптар мен міндеттерге сай орындалған. Бұл диссертацияның қорытынды бөліміндегі анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденгенін және расталғанын көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Жұмыстың жалпы әдеби өңделуі қанағаттандырылдық деңгейде орындалған, ал өзінің негізгі мәлімдемелерін нақтылау үшін автор сенімді ғылыми көздерге сілтемелер жасаған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Қолжазбаның қолданылған әдебиеттер тізімінде 126 ғылыми көздерге, соның ішінде, 18 – алыс, 55 – жақын шетелдік және 53 – қазақстандық басылымдарды келтіріледі, яғни пайдаланылған әдебиеттер диссертациялық шолу үшін жеткілікті деп бағалауға болады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Қолжазбаның теориялық құндылығы күмән келтірмейді, себебі бұл зерттеу жұмысында тақырып радиобиология, паразитология және ветеринариялық санитариялық сараптау ғылымдарының қиылысындағы талдау арқылы ашылады, және бұрынғы ССЯП аумағындағы қойдың ішек паразитоценоздарының эпидемиологиясына, алдын алуына, емдеуге және ауырған мал өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптауға жаңаша көзқарас қалыптастырады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Жұмыстың тәжірибелік тұрғыдан маңызды деп санаймыз және бұл диссертацияға тіркелген ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісі мен шаруашылыққа ендірудің акт және ұсыныстар көшірмелері арқылы дәлелденеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Тәжірибелік ұсыныстардың жаңалығын құрамына қолжазба авторы кіретін жаңа дәрілік қоспаларға берілген үш патент және оған берілген авторлық куәліктер дәлелдейді. (Көшірмелері қосымша ретінде тіркелген).</p>


10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасын орташа деп бағалаймыз.
-----	---------------------------	--	--

Шешім: Жоғарыда берілген сипаттамаға сәйкес, «Қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын алдын алу, емдеу және етінің сапасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың авторы Ахметжанова Айжан Еркінгазыевнаны 6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасауға лайық деп санаймыз

30.03.2024 ж.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ,
«Ветеринариялық медицина» кафедрасының профессор м.а.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

 А.Е.Усенбаев

Қолын растаймын:

Галым - хатшы: 